

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының
«Ақ ниет» мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Коммунальное государственное учреждение «Школа-интернат «Ақ ниет»
Управления Образования Восточно-Казахстанской области

Әлихан Бекейханов –ұлт мақтанышы

пікірталасу

Кітапханашы : Аманова А.И.

Ескемен, 2021-2022ж

Әлихан Бекейханов -ұлт мақтанышы

Күні: 11.03.2022

Өтетін жері: 226 аудитория

Түрі: пікірталас

Мақсаты: Алаш партиясының бірінші төрағасы Әлихан Бекейханов туралы жан – жақты түсінік бере отырып, Ә.Бекейхановтың қоғамға және мемлекетке сінірген еңбекі туралы пікір алмасу.

Көрнекілігі: Интерактивті тақта, видеоролик, қанатты сөздер

Жүргізуши: Құрметті қатысушы қонақтар, студенттер. 2016 жыды Алаш ардақтысы Әпихан Бекейхановтың туғанына 150 жыл толуына байланысты бұл мереке ретінде атальп өтілуде. Біз де өз тарапымыздан үлес қосудамыз. Біздің дөңгелек үстелдің мақсаты Әлихан Бекейхановтың қоғамға және мемлекетке сінірген еңбектері туралы пікір алмасу. Біз Алаш ардақтысы туралы не білеміз?

Жүру барысы: «Әлихан Бекейханов Алаштың ардақтысы» атты тақырыпта өткізілген дөңгелек үстелдің жоспары.

- 1 .Ә. Бекейхановтың мірбаяны туралы не білеміз?
- 2 Ә. Бекейхановтың қоғамдық-саяси әрекеттері туралы не білесіндер?
2. Қай жылдары Ә. Бекейханов Алаш Орда төрағасы болды?
- 3 Ә. Бекейханов қандай ғылыми әрекеттер мен айналысты?

Жүргізуши: Пікір алмасуды әрі қарай сұрақтармен

жалғастырайық. Студенттер келесі Ә. Бекейханов туралы сұрақтарды берсек қалай болады?

Әлихан Бекейханов сіз үшін қандай тұлға?

Әлихан Бекейхановтың жер аударылуына не себеп?

Әлихан Бекейхановтың қандай кітап шығарды?

Әлекеңнің отбасылық жағдайы туралы не білесіз?

Әлихан Бекейханов сіз үшін қандай тұлға?

Егер Латын Америкасы үшін Симон Боливар қандай болса, Әлихан Бекейханов қазақ үшін сондай тұлға. Егер Ататүрік қандай болса, Әлихан қазақ үшін сондай. Егер Махатма Ганди Үндістан үшін қандай болса, Әлихан қазақ үшін сондай тұлға.

2 Әлихан Бекейхановтың жер аударылуына не себеп?

Ә. Бекейхан найзаның ұшымен, айбалтасын жүзімен болған үкіметке қызмет етуден бас тартады. Ә. Бекейхан бастаған қазақ зиялы қауымы таптық мұдде емес, тұтас ұлт мұддесін қорғады. Осы қылышы үшін 1920-22 жылдары «ұлтшыл» деп жала жабылып, Мәскеуге жер аударылды.

Әлихан Бекейханов 1922-нші жылы Семейде ұсталғаннан кейін Мәскеуге апарылды. Ол кісіге ресми биліктің шешімі бойынша, бір бөлмелі пәтер берілді. Сол үйден шығу құқынан айырды. Содан 1937-нші жылы ату жазасына кесілгенге дейін 15 жыл үйқамақта отырды. Одан бұрын патша үкіметі 1908-нші жылы Бекейхановты Қазақстаннан Самараға жер аударды. Сөйтіп, 1917-нші жылға дейін Бекейхановты Қазақстанға келу құқынан айырды. Бірақ сол Самарада тұрып қазақ ұлт-азаттық қозғалысының теориялық, практикалық негізін қалады.

Зұрақ ғалымға 1909 жылды қандай кітап шығарды?

1909-ншы жылы Петербордан Абайдың тұнғыш кітабын шығарған Бекейханов болатын және «Қазақ» газетін шығару идеясы да Әлекендейдікі. Еріне, Ахмет Байтұрсыновтың еңбегі орасан зор.

Тарихи деректердің бірінде Элихан: «Байтұрсынов екеуіміз сөйлескенде: «Совет өкіметіне қарағанда, патша үкіметі жақсы еken. Олар бізге жұмыс істеуге мүмкіндік беретін еді», деп айтатынбыз», дейді. Ал, совет өкіметі олардың басын жүтты.

6. Сұрақ саясаттанушыға: Біз неге осы күнге дейін Алаш зиялдыларын ұлықтамадық ?

— Бізде ұлттық сана жоқ, мемлекеттік сана жоқ дейміз. Тарихи сана қалыптаспай ешқандай өзгеріс болмайды. Тәуелсіздік алған бойда экономика мен саясаттың көшін түзейміз деп, ұлттық мұддеден адасып қалдық. Тек жиырмасыншы ғасырда ғана Алаш идеясы Қазақ идеясымен бірікті. Алашордашылар неге мықты болды? Өйткені, олардың әрқайсысы тарихты тамаша түсінді, тарихты білді. Ал, біздің тарих туралы санамыз таяз.

Сұрақ :Алаш кім?

Алаш — қазақтың саяси элитасы Элихан Бекейханов бастаған Алаш көсемдері өте көркем, шешен сөйлеуі жағынан біздің бүгінгі басшыларды он орап кетеді. Олардың ең басты мақсаты қазаққа қызмет ету болды. Иә, тек қана қазаққа қызмет ету. «Біле білсеңіз, анамыз халық, ана сүтін ақтайық»

дейді Ахмет Байтұрсынов. Қазіргі министрлердің ішінде Әлихан Бекейханов сияқты халық қамын ойлап жүрген кім бар?!

8. СҰРАҚ: Жазушылардың Алаш туралы ойлары қандай?

Әлиханды насиҳаттау үшін көптеген іс-шаралар жасау керек. Деректі фильмдер түсірілуі керек, көркем фильмдер түсірілуі қажет. Түрлі танымдық шығармалар болуы керек. Ол бүгінге дейін, өкінішке, орай жасалған жоқ. Соны қолға алу керек. Шынында, 150 жыл өтседе Әлихан Бекейханға арналған шараның біразы жасалып, ел білетіндей болуы керек. Болашақ ұрпақ білетіндей болуы тиіс. Жалпы, бүкіл халық ұлт-азаттық қозғалыстағы Әлиханның орнын, оның енбегінің бүгінгі күнгі қай салада өзекті, соны түсіне білу керек. Әрі болашақта ел басқаратын жастар одан тәлім алатындағы етіп, ол үшін елге танытатын, ағартушылық жұмыстар жүргізілуі қажет. Оған, менің ойымша, көп ат салысқан дұрыс. Мына заманда жаңа тұрпатты жас жігіттер қалыптасып келе жатыр. Осы жерде айтылып отырғандай, жалпы қазақ азаматтары қандай болу керек? Шынында, осы бүгінгі журналистердің атқаратын міндепті де сол, осы бүгінгі жаңа азаматтың дүниетанымында алаш идеясы қаншалықты орын алғандығын анықтау, соған ат салысу. Осы жағынан бізде үлкен кемшілік бар Өйткені, қай жағынан қарасаң да, бұл мәселе әлі күнге дейін елдің санасына жете қоймаған нәрсе. Осыны, елдің құлағына, көкірегіне дейін жеткізу мәселесі өте маңызды. Өйткені, өкінішке қарай, алаш идеясын тарату керек. Алаш идеясы, арқасында қазақ өзінің қазақтығымен ғана мына әлемде аман қала алады. Өзін асқақтап, мыңжылдық мемлекет құра алады. Осыны халықтың санасына жеткізу, деген үлкен шаруа. Ол үшін барлық буындағы біздің азаматтар соған мұдделі болуы кере

9. Тарихшиға сұрақ: Бекейхановтың тарихтағы орны қандай?

Біздің негізгі айтып отырған нәрсе, әрине, алаш идеясын елге жеткізу, олардың өмір жолы мен шығармашылығын әртүрлі көркем, көпшілік фильм жолымен елге танытып отыру керек. Бұл үлкен шаруа, істелуі керек шаруа. Бұны жекелеген адамдар істей алмайды, тек қана үлкен жүйелі бағдарламамен ғана істелетін шаруа. Бұндай ұсыныстар көптеп айтылуы керек, орындалуын талап ету керек,. Совет тұсында біздің қоғамдық формация өзгерді, көшпенді халық отырықшы болды. Ол аздай мына заманда капиталистік рельске түстік. Осы кезде маңызды нәрсе — осылардан қандай құндылықтарды алып қалуымыз керек, не нәрсе біздің жастардың бойында

булды керек, жаңа қалыптасқан ұрпақтың бойында қандай қасиеттер қалуы керек еді?

Қорытынды:

- 1.Ә. Бекейханов кім?
2. Ә. Бекейхановтың отбасы жайлыш не біесіз?
- 3.«Алаш» партиясының ұлттық ұстанымы бес түрлі тұжырымы кімнің не деген кітабында жазылған?
- 4.Ә.Н.Бекейханның қазіргі қазақ әдебиеті тарихында өшпес із- қалдырған еңбегі.
- 5.Қай жылы ақталды?

1 жауап.ХХ ғасырдың басында Қазақстанның ұлттық интеллигенциясы біртекті болмады, Санкт-Петербург, Мәскеу және Ресейдің басқа да орталықтарында жоғары білім алған, көпшілігінде отаршылық әкімшілікте қызмет еткен және дәрігер, мұғалім, адвокат және т.б. ретінде жұмыс істеген, сұлтан, би, бай және ауқатты қазақ шаруалары отбасыларынан шыққандар болды. Ресей демократиялық идеалдары және Батыс Еуропалық прогрессивті ойларының ықпалымен тәрбиеленген, басқа топтарға қарағанда, саны жағынан көп және жақсы ұйымдастырылған бұл топ «Алаш» партиясының негізін құрады. Бұл топты Ә. Бекейхан «Батысшылдар» деп атайды. Ұлттық интеллигенцияның демократиялық тобының танылған көсемі сөзсіз ірі ғалым (экономист, орман маманы), қазақ өмірі, тұрмысының, мәдениеті мен тарихының білгірі, тере-Шыңғыс нәсілінен тарайтын Бекей ханның ұрпағы болып табылады, ол Санкт-Петербургте білім алған — сол жерде Императорлық Орман институтын 1894 ж. бітірген. Одан білеқ ұлттық-демократиялық зиялыштар қауымы ақын, жазушы

2 жауап. Элихан Бекейханов «Степной край» газетінде жұмыс істеп жүрген кезінде Сібірге қоныс аударылғандардың ұрпағы Яков Севостьяновпен танысады. Екеуінің өмірге деген, саясатқа деген көзқарастары бір-біріне ұқсапты. Яковпен араласып жүріп, Элихан оның қызы Ольгамен танысады. Күндердің күнінде Ольга «Аяулы қызыым! Саған ешқашанда Элиханнан артық қалаулы жарды тілемес едім. Бірақ екеуің де алдыларынан шығатын қыншылықтарға дайын болуларың керек. Элихан — қазақ, сен — орыссың. Сенің қандастарың басқа ұлтқа тұрмысқа шықты деп өзінді үнемі сөгетін болады. Орыстың қызын алғаны үшін Элиханды да елі кінәлайтын

болады. Бақтарың ашылсын, шыдамды болындар, өздеріңе махаббаттарың қорғаныш болсын», – деп Яков батасын беріпті. Осылайша, олар үйленеді.

– 1903 жылы өмірге қызы Елизавета (қазақтардың арасында оны Зейнеп деп атайды) келеді. Лиза апай әкесінің өмірінің сонына дейін қасында болған. Ол кісінің мамандығы дәрігер. Лиза апай 1942 жылы Солтүстік-Батыс майданының медициналық госпиталінде қызмет еткен. 1910 жылы Өкітай есімді ұлы дүние есігін ашады. Ол бертін келе үнемі орыстілділердің ортасында болып, Сергей аталады. Өкітай ағай тау-кен институтын бітірген.. 1918 жылы Ольга Яковлевна қайтыс болады. Үй тұтқынында жүрген Әлихан ұл-қызымен бірге Мәскеуде тұрады. Лиза апай Смағұл Сәдуақасовқа тұрмысқа шыққанда да, әкесімен бірге тұрған. Олардың ұлы Ескендер (Кенка) де өзінің аз өмірін сол үйде өткізген

3 жауап. Тұрсын Жұртбайдың «Ұраным-Алаш» атты кітабынан

4 жауап. Ә.Н.Бекейханның қазіргі қазақ әдебиеті тарихында қалдырған бірден-бір өшпес ізі- ұлы, кеменгер ақын, ағартушы Абай туралы жазып қалдырған еңбегі. Ұлт әдебиетінің өз алдына жеке бір саласы-әдеби сынның іргесін қалап кеткен еңбегі және қазақ ауыз әдебиетінің тендессіз ұлгілерін жинақтап, өндеп бастырған және зерттеуге қосқан үлесі де зор. Ауыз әдебиетінің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қара қыпшақ Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» сынды үздік ұлгілерін өндеп, бастырған, өз замандастары Абай, Шекерім, Міржақып, Жусіпбек сынды ақын-жазушылардың шығармаларына әділ де өткір сын жазып, насхаттаған. Ә.Н.Бекейханның қазіргі қазақ әдебиеті тарихында қалдырған бірден-бір өшпес ізі- ұлы, кеменгер ақын, ағартушы Абай туралы жазып қалдырған еңбегі. Ұлт әдебиетінің өз алдына жеке бір саласы-әдеби сынның іргесін қалап кеткен еңбегі және қазақ ауыз әдебиетінің тендессіз ұлгілерін жинақтап, өндеп бастырған және зерттеуге қосқан үлесі де зор. Ауыз әдебиетінің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қара қыпшақ Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» сынды үздік ұлгілерін өндеп, бастырған, өз замандастары Абай, Шекерім, Міржақып, Жусіпбек сынды ақын-жазушылардың шығармаларына әділ де өткір сын жазып, насхаттаған. Әлкей Нұрмұхамедұлы Бекейхан-қазақтың 20-сынышғасыр басында ілгерішіл ұлт зиялымарының лидері болды. Ол қазақтың өлкетану ғылыминың негізін қалаушы, қазақ халқының төл тарихы, әдебиеті, фольклоры, этнографиясы, Қазақ өлкесінің экономикасы мен халық шаруашылығы бойынша жүздеген ғылыми ізденіс пен зерттеудің авторы есебінде, ғұлама ғалым, дарынды публицист ретінде кең танылды және өмірінің соңғы сәтіне дейін ғалым болып қалды.

.Бірақ, ұлттық намыстан жүрдай, жалған интернационалист, жадағай белсенділердің көрсетуімен ол 1926 жылы екі рет тұтқындалып, түрме азабын тартты. Әлихан Бекейхан Мәскеуге жер аударылады, зор беделінен қорықкан большевиктер өкіметі оны Қазақстанға жолатпады. Онда он жыл үй қамауында отырған Әлиханды 1937 жылы тамызында қайыра тұтқындалап, бір айдан кейін жалған жаламен 67 жасында Мәскеуде ату жазасына кеседі. 1989 жылы мамырдың 14 КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан, ақталды.

Жүргізуші: Бүгінгі «Дөңгелек үстеліміз» аяқталды. Келіп катысқандарыңызға рахмет.